

САТЫБАЛДИН МАҒАУИЯ МЕДЕТБЕКҰЛЫ

5 наурыз күні 82 жасқа қараған шағында Шет ауданының «Құрметті азаматы», ауыл шаруашылығы саласының «Құрметті ардагері», мемлекеттік қызмет ардагері Мағауия Медетбекұлы Сатыбалдин өмірден өтті.

Мағауия Медетбекұлы Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылында 1959 жылы аудан орталығында Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектебін бітірген соң, Ақмола ауыл шаруашылығы институтына түсіп, 1964 жылы үздік тәмамдайды. Ауыл шаруашылығы өндірісінің инженер-механик мамандығын алады.

Еңбек жолын 1964 жылы Орджоникидзе атындағы совхозда қатардағы механиктен бастайды. Жас маманның қарым - қабілетін көрген аудан басшысы оны Ақшатау қой кеңшарының бас инженерлік қызметіне тағайындайды.

Бұл кеңшарда Мақаң жұмысқа деген ұйымдастырушылық қабілетін көрсетіп, аудан көлемінде жаңашыл көзқарастарға білікті маман ретінде танылып, 1973 жылы жаңадан құрылған Ақадыр ауданының ауыл шаруашылығы басқармасының бас инженер-механик қызметіне көтеріледі.

Уақыт талабына сай аудан шаруашылықтары-



на мал азығын дайындау мен оны тасымалдау жұмысында жаңа рационализациялық ұсыныстарды өндіріске енгізу арқылы техникаларды пайдалануды жетілдіре отырып, еңбек өнімділігін арттырады.

1977-1988 жылдары ауданның Кәрім Мыңбаев атындағы асыл тұқымды қой кеңшарының директорлық қызметін абыроймен атқарады.

1988-1997 жылдары Ақадыр ауданының ауыл шаруашылығы саласында басшылық етті.

1997-1999 жылдары Шет ауданының ауыл шаруашылығы басқармасының бірінші орынбасары қызметін атқарған.

1999-2005 жылдар аралығында ҚР Ауыл шаруа-

шылығы министрлігі Шет ауданының аумақтық басқармасының басшысы қызметін атқарып, құрметті зейнеткерлік демалысқа шығады.

Әрі қарай 2008-2012 жылдары ауданның Мәслихатының депутаты болып, ауданның қоғамдық жұмысына белсене атсалысады.

Мағауия Медетбекұлының еңбегі бағаланып 1964 жылы «Тың жерлерді игергені үшін» мерекелік және 1976 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен наградталған.

Әр жылдары ауданның, облыстық және Ауыл шаруашылығы министрілігінің Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттарымен марапатталған. Екі мәрте ауылдық, аудандық Кеңестің депутаты болып сайланған.

Отбасында 5 бала: ұл, қыз тәрбиелеп, балалары мен немерелеріне ыстық ықыласын берген аяулы жар, мейірімді әке, сүйікті ата болды. Бір әулеттің ғана емес, ауданның қазыналы қариясы бола білді.

Ардақты ардагер, қадірлі ақсақалымыз Мағауия Медетбекұлының отбасына, жары Рысжанға, туған-туыстары мен балаларына қайғыларына ортақтасып қайғырып көңіл айтамыз. Мағауия Медетбекұлының жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.

М.МҰХТАРОВ, С.СОЦИАЛ, Д.КӘРСЕМБАЕВ, М.ЖҰМКИН, О.СТЫБАЙ, М.ЖОНКИНА, Н.ТӨЛЕУҚҰЛОВ, Б.АРЫСТАНБЕКОВ, О.ҚЫЗЫЛОВ, Е.КЕНЖЕБАЕВ, Б.ЖҰМКИН, Е.ЖӘНІБЕКОВ, Ә.СМАҒҰЛ, Б.БАДАНОВ.